

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын  
және қаржы ұйымдарын реттеу мен  
қадағалау Агенттігімен

2010 жылдың 17 қыркүйегінде

**Келісілді**

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын  
және қаржы ұйымдарын реттеу мен  
қадағалау Агенттігі төрағасының  
орынбасары

"Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық  
кеңесінің шешімімен

(2010 жылдың 25 маусымындағы  
отырыстың № 14 хаттамасы)

**Бекітілді**

2010 жылдың 20 қазанынан бастап

**Қолданысқа енгізілді**

А.У. АЛДАМБЕРГЕН

## Мерзімдік нарықтың сақтық және кепілдік қорлары туралы ҚАҒИДА

---

---

Алматы қ.

2010

## ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

### 1. № 1 толықтыру:

- Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен 2010 жылдың 02 қарашасында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2010 жылдың 04 қазанындағы отырысының № 22 хаттамасы) бекітілді;
- 2010 жылдың 08 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 2. № 2 өзгерту:

- Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен 2011 жылдың 04 сәуірінде келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2011 жылдың 24 ақпанындағы отырысының № 3 хаттамасы) бекітілді;
- 2011 жылдың 13 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Қағида "Қазақстан қор биржасы" АҚ Сақтық және Кепілдік қорларының қалыптасу тәртібін, сондай-ақ олардың қаражатын пайдалану және қалпына келтіру тәртібін анықтайды.

### 1 бөлім. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Қағидада қолданылатын ұғымдар Биржалық кеңес бекіткен, Мерзімдік нарықта клирингтік қызметті жүзеге асыру ережелерінде (бұдан әрі - Ереже) анықталған ұғымдарға ұқсас.
2. Сақтық және Кепілдік қорлар осы Қағидада белгіленген тәртіпте қазақстандық теңгеде (бұдан әрі - теңге) қалыптастырылады.
3. Сақтық және Кепілдік қорлар қаражатын қалыптастыруды, қолдануды және қалпына келтіруді бақылау Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.
4. Осы Қағидаға өзгертулер мен толықтырулар енгізілген жағдайда мұндай өзгертулер мен толықтырулар жайлы Биржа мүшелеріне олардың күшіне ену күніне кемінде он күн қалғанда хабарлануы керек.  
Сақтық қордың және/немесе міндетті кепілдік жарнаның мөлшерін өзгерту туралы Биржаның қабылдаған шешімі жайлы хабарлама Биржа мүшелеріне Сақтық қор мөлшерінің аталған өзгерісіне кемінде 10 күн қалғанда хабарлануы тиіс.
5. Биржа Сақтық және Кепілдік қорлар туралы мәліметтерді өзінің интернет-сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жариялайды.

### 2 бөлім. САҚТЫҚ ҚОРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ

6. Мерзімдік нарықтың Сақтық қоры Биржалық кеңес шешімінде анықталған сомада және тәртіпте теңгеде қалыптастырылады.
7. Биржаның Сақтық қорының қаражаттары оның банктік шоттарында сақталуы тиіс (*осы тармақ Биржалық кеңестің 2011 жылдың 24 ақпанындағы шешімімен өзгертілді*).
8. Сақтық қор қаражаты:
  - 1) бір жолғы жарна есебінен;
  - 2) мерзімдік нарықтағы сауда-саттық қорытындылары бойынша комиссиялық алымдар есебінен аталмыш комиссиялық алымдар сомасынан он бес пайыз мөлшерінде, өткен ай үшін осы айдан кейін он бес жұмыс күні арасында алынған айналым жарналар есебінен;
  - 3) мөлшері Биржалық кеңестің жеке шешімдерімен анықталатын қосымша сомалар есебінен толықтырылады.

### 3 бөлім. КЕПІЛДІК ҚОРЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ

9. Кепілдік қорлар мерзімдік келісімшарттардың әрбір типтері үшін жеке-жеке қалыптастырылады.
10. Мерзімдік нарықтың кепілдік қорлары мерзімдік нарық мүшелерінің тиянақталған мөлшерде теңгедегі бір жолғы міндетті кепілдік жарнаны төлеуі есебінен қалыптастырылады.
11. Мерзімдік келісімшарттың түрлі типтері үшін міндетті кепілдік алымдардың түрлі мөлшерлері белгіленеді.
12. Фьючерстің АҚШ долларының теңгеге бағамы үшін міндетті кепілдік жарнаның мөлшері 2.000.000 (екі миллион) теңгені құрайды.
- 12-1. KASE индексіне фьючерс үшін міндетті кепілдік жарнаның мөлшері 1.000.000 (бір миллион) теңгені құрайды (*осы тармақ Биржалық кеңестің 2010 жылдың 04 қазанындағы шешімімен енгізілді*).
13. Міндетті кепілдік жарна мөлшерін өзгерту туралы шешімді Биржалық кеңес қабылдайды.
14. Кепілдік жарна сомасына Биржа сыйақы есептемейді және төлемейді.

15. Кепілдік қорлар қаражаты Биржаның корреспонденттік шоттарында сақталуы мүмкін.
16. Биржа мүшесінің кепілдік жарнасы шотындағы ақшасының қалдығы жайлы ақпарат оған әрбір сауда күнінің қорытындылары бойынша жіберілетін Биржалық куәлікте ұсынылады.

#### 4 бөлім. САҚТЫҚ ЖӘНЕ КЕПІЛДІК ҚОРЛАР ҚАРАЖАТЫН ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ

17. Сақтық және Кепілдік қорлар қаражатын қолдану осы Қағидаға, сондай-ақ Ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.
18. Биржа Сақтық және Кепілдік қорларды, Биржаның бір және одан көп мүшесінің дәрменсіздігі жағдайында, мөлшері мен есептеу тәртібі Ережеге сәйкес белгіленетін, олардың нетто-міндеттемелерін түрлендірме маржа бойынша орындау мақсатында, қаражатын қолдану үшін ғана қалыптастырады.
19. Кепілдік қорлардың әрқайсысының қаражаты тек бір типтегі мерзімдік келісімшарттар бойынша есептесулерді аяқтау үшін қолданылуы мүмкін.
20. Бір немесе бірнеше Биржаның дәрменсіз мүшелерінің түрлендірме маржасы бойынша нетто-міндеттемелерін орындау үшін мерзімдік келісімшарттың тиісті типі бойынша Сақтық және Кепілдік қорлардың қаражаты мынандай кезекте қолданылады:
  - 1) Биржаның бір немесе бірнеше дәрменсіз мүшелерінің кепілдік жарна шотындағы (шоттарындағы) ақша қаражаты;
  - 2) осы Қағиданың 21 тармағында белгіленген тәртіпте, Биржаның дәрменсіз болып табылмайтын (бұдан әрі – Биржаның адал мүшелері) Биржа мүшелерінің кепілдік шоттарындағы ақша қаражаты;
  - 3) осы Қағиданың 24 тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып, Сақтық қордың қаражаты.
21. Осы Қағиданың 20 тармағында белгіленген шарттарға сәйкес, Биржаның адал мүшелерінің кепілдік шоттарының әрқайсысынан қолданылатын ақша қаражатының сомасын есептеу үшін мынадай формула қолданылады:

$$S_k = \min\left(\frac{\sum (D_i - M_i - G_i)}{N}; G_k\right), \text{ мұнда:}$$

- min – неғұрлым төменгі мәнді анықтайтын математикалық функция;
- $i$  – Биржаның дәрменсіз мүшесі,  $i=1,2,\dots, X$ ;
- $k$  – Биржаның адал мүшесі,  $k=1,2,\dots, N$ ;
- $S_k$  –  $k$ -лік Биржаның адал мүшесінің кепілдік шотынан қолданылған (алынған) ақша қаражатының сомасы;
- $D_i$  –  $i$ -лік Биржаның дәрменсіз мүшесінің түрлендірме маржасы бойынша нетто-міндеттемелері;
- $M_i$  –  $i$ -лік Биржаның дәрменсіз мүшесінің маржалық шотынан қолданылған сома;
- $G_i$  –  $i$ -лік Биржаның дәрменсіз мүшесінің кепілдік жарнасы шотынан қолданылған (алынған) ақша қаражатының сомасы;
- $G_k$  –  $i$ -лік Биржаның адал мүшесінің кепілдік шотындағы сома.
22. Биржаның екі және одан көп дәрменсіз мүшесі болған жағдайда және Биржаның дәрменсіз мүшелерінің түрлендірме маржасы бойынша нетто-міндеттемелерін өтеуге Сақтық және Кепілдік қорлардың қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда;
    - 1) Биржаның дәрменсіз мүшесінің, мерзімдік келісімшарттардың тиісті типі бойынша Сақтық және Кепілдік қор қаражаты есебінен жабылатын, түрлендірме маржа бойынша нетто-міндеттемелерінің мөлшерін есептеу үшін мынадай формула қолданылады:

$$L_i = (R + \sum G_k) * \frac{D_i - M_i - G_i}{\sum (D_i - M_i - G_i)}, \text{ мұнда:}$$

- $L_i$  –  $i$ -лік Биржаның дәрменсіз мүшесінің, мерзімдік келісімшарттардың тиісті типі бойынша Сақтық және Кепілдік қор қаражаты есебінен жабылатын, түрлендірме маржа бойынша нетто-міндеттемелері;
- $i, k, D_i, M_i, G_i, G_k$  – осы Қағиданың 21 тармағында анықталғандағы белгілеулер;
- $R$  – осы Қағиданың 24 тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып, Биржаның бір немесе бірнеше дәрменсіз мүшесінің нетто-міндеттемелерін өтеуге қол жетімді Сақтық қор қаражаты.

Бұл ретте  $\frac{D_i - M_i - G_i}{\sum (D_i - M_i - G_i)}$  Биржаның барлық дәрменсіз мүшелерінің түрлендірме

маржа бойынша нетто-міндеттерінің жалпы сомасындағы  $i$ -лік Биржаның дәрменсіз мүшесінің түрлендірме маржа бойынша нетто-міндетінің үлес салмағы;

- 2) Биржаның адал мүшелері (бұдан әрі – Биржаның жәбірленуші мүшелері), оларға қатысты Биржаның дәрменсіз мүшесі түрлендірме маржа бойынша өзінің нетто-міндеттемелерін орындамаған, маржалық шоттарының әрқайсысына аударылатын ақша сомасының мөлшерін есептеу үшін мынадай формула қолданылады:

$$Z_q^i = L_i * \frac{V_q^i}{\sum_q V_q^i}, \text{ мұнда:}$$

- $q$  – Биржаның жәбірленуші мүшесі,  $q=1,2,\dots, F$ ;
- $Z_q^i$  –  $i$ -лік Биржаның дәрменсіз мүшесінің түрлендірме маржа бойынша міндеттемесі бойынша  $q$ -лік Биржаның жәбірленуші мүшесінің маржалық шотына аударылатын ақша сомасы;
- $V_q^i$  –  $q$ -лік Биржаның жәбірленуші мүшесі алдындағы  $i$ -лік Биржаның дәрменсіз мүшесінің түрлендірме маржасы бойынша міндеттемесі;
- $L_i$  – осы тармақтың 1) тармақшасында анықталғандағы белгілеу.

23. Сақтық және Кепілдік қорлардың қаражатын пайдалануды Биржа Биржаның бір немесе бірнеше дәрменсіз мүшесі позициясының мәжбүрлеп жабылған күнінен кейінгі жұмыс күні жүзеге асырады.
24. Биржаның бір немесе бірнеше дәрменсіз мүшесі позициясының мәжбүрлеп жоюын жүзеге асыру күні туындаған жағдайлар бойынша Сақтық қор қаражаты позицияны мәжбүрлеп жою күнінде аталмыш қор қаражатынан жиырма бес пайыздан аспайтын сомада қолданылуы мүмкін.
25. Кепілдік қор қаражаты қолданылған күннің қорытындылары бойынша Биржа:
- 1) Биржаның әрбір дәрменсіз мүшесіне түрлендірме маржа бойынша оның нетто-міндеттемелерінің мөлшері туралы, оның маржалық және кепілдік шоттарындағы қаражаттарды қолдануды ескере отырып;
  - 2) Биржаның әрбір адал мүшесіне Биржаның бір немесе бірнеше дәрменсіз мүшесінің түрлендірме маржа бойынша нетто-міндеттемелерін орындауы үшін оның кепілдік шотынан қолданылған сома туралы хабарламамен бірге Биржалық куәліктерді жібереді.

**5 бөлім. САҚТЫҚ ЖӘНЕ КЕПІЛДІК ҚОРЛАРДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ТӘРТІБІ**

26. Түрлендірме маржа бойынша нетто-міндеттемелері бойынша Сақтық және Кепілдік қорлардың қаражаты қолданылған Биржа мүшелерінің әрқайсысы Биржаның корреспонденттік шотына аудару арқылы оларды өтеуі тиіс.
27. Алдыңғы тармаққа сәйкес Биржаның дәрменсіз мүшесі (дәрменсіз мүшелері) аударатын ақша Сақтық және Кепілдік қорлардың қаражатын мынадай тәртіпте қайта қалпына келтіру үшін қолданылады:

- 1) Сақтық қор қаражаты бірінші кезекте қалпына келтірілуі тиіс;
- 2) Биржаның адал мүшелерінің кепілдік жарнасы.

Кепілдік жарнаның әрбір шотындағы қалпына келтірілетін соманы есептеу үшін мынадай формула қолданылады:

$$Y_k = \sum (P_i - R_i) * \frac{S_k}{\sum S_k}, \text{ мұнда:}$$

- $Y_k$  – k-лік Биржаның адал мүшесінің кепілдік жарна шотындағы қалпына келтірілуі тиіс сомасы;
- $P_i$  – i-лік Биржаның дәрменсіз мүшесінің аударатын ақша қаражатының сомасы;
- $R_i$  – i-лік Биржаның дәрменсіз мүшесінің түрлендірме маржа бойынша нетто-міндеттемелерін орындау үшін бұдан бұрын қолданылған және Сақтық қор қаражатын қайта қалпына келтіруге бағытталған ақша қаражатының сомасы;
- $S_k$  – осы Қағиданың 21 тармағында анықталғандағы ақша қаражатының сомасы;

- 3) Биржаның дәрменсіз мүшесінің кепілдік жарнасы соңғы кезекте қалпына келтіріледі.
28. Биржаның дәрменсіз мүшесі Кепілдік қордың қаражатын оларды қолдану күнінен кейінгі үш жұмыс күні арасында толық көлемде өтемеген жағдайда, Биржа аталмыш қордың қаражатын қолдану күнінен кейінгі төртінші жұмыс күні:
- 1) Биржаның адал мүшелеріне бұл жағдай туралы хабарлайды;
  - 2) кепілдік жарналарының қалпына келтірілуі қажеттілігі туралы аталған мүшелерге хабарлайды.
29. Кепілдік жарнаны қалпына келтіру қажеттілігі туралы хабарлама алғаннан кейін Биржаның әрбір адал мүшесі, өзінің кепілдік шотындағы қалдық соманы осы Қағиданың 12 тармағында белгіленген мөлшерге дейін толтыру үшін үш жұмыс күнінің арасында аталмыш шотқа ақша аударуы тиіс.

Биржа мүшесі кепілдік жарнаны төлеу (қалпына келтіру) бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда оған Ерженің 27 бабында қарастырылған шаралар, сондай-ақ Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген басқа шаралар қолданылады.

**6 бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ҚАҒИДА**

30. Осы Қағидаға сәйкес Сақтық және Кепілдік қорлар қаражаты қолданылған жағдайда:
- 1) Биржаның жәбірленуші мүшесі Биржадан түрлендірме маржа бойынша нетто-міндеттемелердің Биржаның дәрменсіз мүшесі аудармаған және Сақтық және Кепілдік қорлар қаражатының есебінен орындалмаған бөлігін өзіне қайтаруды талап ете алмайды.

Биржаның бір немесе бірнеше дәрменсіз мүшесінің Биржаның жәбірленуші мүшесі (жәбірленуші мүшелері) алдындағы түрлендірме маржа бойынша орындалмаған міндеттемелерін реттеуді аталмыш тараптар Биржаның қатысынсыз дербес түрде жүзеге асырады;

- 2) Қаражаты Биржаның бір және одан көп дәрменсіз мүшесінің түрлендірме маржа бойынша нетто-міндеттемелерін орындау үшін қолданылған Биржа мүшесінің кепілдік жарнасы осы Қағиданың 5 бөлімінде белгіленген тәртіпте қайта қалпына келтірілуі тиіс.

Биржа мүшелерінің кепілдік шоттарынан қолданылған ақша қаражатын Биржа аталмыш шоттарды қалпына келтіру үшін Биржаның бір және одан көп дәрменсіз мүшесі аударған сомадан үстеме етіп қалпына келтіруге міндетті емес.

31. Сақтық және Кепілдік қорларды қалыптастыру немесе қолдану тәртібіне байланысты туындаған даулар мен келіспеушіліктер келіссөз арқылы шешілуі тиіс.
32. Тараптар реттемеген дауларды және келіспеушіліктерді Биржаның тиісті Төрелік комиссиясы қарастыруы керек.
33. Ұйымның мерзімдік нарықта мүшелігі аяқталған кезде және оның Биржа алдында орындалмаған қандай да бір міндеттемелерінің болмауы шартымен, аталмыш ұйымның бұдан бұрын аударған кепілдік жарнасы Биржалық кеңестің оны мерзімдік нарық мүшелері қатарынан шығару туралы шешімі қабылданған күннен кейінгі жеті жұмыс күнінің арасында қайтарылуы тиіс.

Президент

Қ.Қ.Дамитов